



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, можно сделать вывод, что существует обратная взаимосвязь и взаимозависимость между аудиторским риском, уровнем существенности в аудите и объемом аудиторских доказательств, т.е. чем больше количество искажений ожидает аудитор, тем ниже должен быть уровень существенности и тем выше будет аудиторский риск.

Список использованных источников

1. Мных Є.В. Аудит: [уч. пос.]/Є.В.Мных. –К.: Львов: «Новый мир-2000», 2009.-284с.
2. МСА 320 «Существенность при планировании и проведении аудита» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://apu.com.ua/msa>
3. Шкиря Н.Л. Аудит: [учебное пособие] / Н.Л. Шкиря, Т.Г. Никульникова, Н.В. Зализняк. – Львов: “Магнолія 2006”, 2008. – с. 59-80.
4. Аудит. Теория и практика. Учебник / Под ред. Н.А.Казаковой. М.: Юрайт, 2014 – 400 с.
5. Чернелевский Л.М. Аудит: теория и практика: [уч. пос.]/ Л.М.Чернелевский, Н.И. Беренда – К.: «Хай-Тек Прес», 2008. – с.34-41.
6. Федоренко И.В. Аудит / И.В. Федоренко. – М.:Инфра-М, 2014. – 272с.
7. Петренко С.М., Пальцун І.М. Аудит: теорія і практика застосування міжнародних стандартів: Посібник — Магнолія 2006, 2013. —520 с.

ӘӨЖ 657.1

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАҒАН КЕЗДЕГІ БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Тұрғынбек Жанерке

zhanerke.87@mail.ru

магистрант ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Қазақстан

Ғылым жетекшісі - э.ғ.к. Омашева А.Б.

Қазіргі таңда басқарушылық есептің анықтамасы бір мәнді емес. Басқарушылық есеп бойынша қандай да бір нормативтік заңнамалық база жоқ. Кейде, жай ғана, басқарушылық есеп ақпаратты жинау, біріктіру (топтастыру) және басқарушылық есепті қалыптастыру тапсырмаларымен ғана, яғни инвестициялық шешімдер қабылдайтын басшылар мен менеджерлер үшін ақпараттық ортаны қалыптастырумен ғана шектеледі. Кейбіреулер оны шығындарды басқару арқылы кәсіпорынның пайдасын басқару жүйесі ретінде қарастырады. Басқару есебі – экономикалық субъектіні жоспарлау, бақылау және басқару іс-әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы басқару. Басқару есебінің негізінде қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді басқару жүйесі жатыр. Басқару есебінің мазмұнын жалпылай алсақ, екі топқа: өндірістік ресурстар, шаруашылық процестері мен олардың нәтижелеріне біріктенуге болатын өндірісті басқарудың бүкіл циклі процесіндегі объектілердің жиынтығы жатады.

Кез келген түсіндірмеде басқарушылық есеп шектелген мағынасындағы есепке алу болып табылмайды, сонымен қатар ол жоспарлауды, бақылауды және талдауды қамтиды.

Басқарушылық есептің басты мақсаты инвестициялық шешімдер қабылдау және кәсіпорынды тиімді басқару үшін қажетті ақпаратпен басшыларды және менеджерлерді қамтамасыз ету болып табылады. Басқару есебінің мәні – шығындар мен кірістерді, мөлшерлеуді, жоспарлауды, бақылауды және кәсіпорынның болашақ даму мәселелерін үйлестіру мен шұғыл басқару шешімдері үшін ақпаратты жүйелендіретін талдауға есеп жүйесін біріктіріп іріктіру. Басқару есебінде жауапкершілік орталығының төрт түрі атап көрсетіледі: шығын орталығы, кіріс орталығы, пайда орталығы, инвестиция орталығы. Шығын орталығы — өндірістік ресурстардың шығындарын байқау, бақылау, басқару,

сондай-ақ оларды пайдалануды бағалау мақсатымен мөлшерлеу, жоспарлау және өндіріс шығындарды есептеуді ұйымдастыратын кәсіпорынның құрылымдық бөлімі. Кіріс орталығы – жауапкершілік орталығы, мұнда менеджер кірістерді алу үшін жауап береді. Пайда орталығы – бұл да жауапкершілік орталығы. Оның басшысы бір уақытта өзінің бөлімшесінің кірістері үшін де, шығындары үшін де жауап береді, тұтынылатын ресурс саны және күтілетін бүкіл мөлшері жөнінде шешім қабылдайды. Іс- әрекетті бағалаудың белгісі – алынған пайда мөлшері. Инвестиция орталығы – кәсіпорын сегменттері, бұлардың менеджерлері өз бөлімшелерінің шығындары мен кірістерін бақылап қана қоймайды, басқа орталық басшылары шұғылданбайтын, инвестицияланған қаржыны тиімді пайдалануды да қадағалайды.

Экономиканың нақты секторына инвестициялық салымдарды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаудың тиімділік тұрғысынан мінсіз әлдебір моделін қарастырайық. Осындай шешімді қабылдау үдерісі идеяның туындау сәтінен бастап кәсіпорын басшылығы инвестициялық жобаны бекітіп, оны күрделі қаржы жұмсау жоспарына енгізгенге дейінгі инвестициялық циклдің барлық кезеңдерін қамтиды. Бірақ инвестициялық шешімге айналғанға дейін идея бірқатар жүйелі кезеңдерден өтуі тиіс.

Кәсіпорынның әрбір функционалды бөлімшесі, әрбір лауазымды тұлғасы, әрбір жұмыскері инвестициялық шешімдерінің көзі ретінде көрінетін жағдай тиімділігі тұрғысынан мінсіз болып табылады. Нарықтық экономика шарттарында тиімді инвестициялық жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін жіберіп алу ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорынның нарықтық жайғасымдарын босататынын білдіреді, сондықтан осындай идеяларды қалыптастыру көздері көп болуы тиіс.

Сонымен, әртүрлі бөлімшелерде туындаған инвестициялық идеялар әртүрлі бағыттағы біліктілігі жоғары мамандардан тұратын және кәсіпорынның стратегиясын жүзеге асыру бойынша күш-жігерді үйлестіруге жауап беретін арнайы құрылған орталыққа ағылады. Онда електен өткізіп, стратегиялық мақсаттарға сәйкес келмейтін идеялардан айырады. Құрылған баламалы таңдаулар жинағы соңыра қайта електен өткізіледі, бұл жолы экономикалық тиімділігі өлшем болады. Нәтижесінде ең тиімді болып табылатын нұсқа таңдап алынады, оны инвестициялық жоба деп атайды. Бұл инвестициялық шешім қабылдау үдерісінің түпкілікті өнімі.

Қысқа мерзімді инвестициялық шешімдер қабылдау үшін жалпы кәсіпорынға және оның жекелеген бөлімшелеріне арналған жедел жоспарларды (әдетте бір жылға) егжей-тегжейлі әзірлеу жүзеге асырылады. Жедел жоспарлар өз кезегінде әдетте айлар бойынша бөліп көрсетумен бір жылға құрылатын, әрбір бөлімше – жауапты орталық бойынша ай сайын түзетілетін, содан кейін бірыңғай бюджетке немесе қаржылық жоспарға шоғырланатын бюджеттер немесе қаржылық жоспарлар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Негізгі бюджет үш міндетті қаржылық құжаттардан тұрады, олардың әрқайсысы өз бетінше дербес бюджет болып табылады:

- пайдалар мен шығындар есебін болжау;
- ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепті болжау;
- баланстық есепті болжау.

Негізгі бюджет үшін құжаттарды дайындау бірізділігі тұрғысынан барлық жоспарлау үдерісі шартты түрде екі бөлікке бөлінуі мүмкін:

- операциялық жоспарды (бюджетті) дайындау;
- қаржылық жоспарды (бюджетті) дайындау.

Қаржылық жоспарлардың мақсаты – орташа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық келешекті болжау, сонымен қатар кәсіпорынның ағымдағы шығыстары мен кірістерін анықтау. Басшылар қысқа мерзімді инвестициялық шешімдер қабылдау қажеттілігіне тап болғанда, олардың әрқайсысы компания қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер ете алады. Тиімді шешімдер – коммерциялық кәсіпорынның әрекет етуінің кепілі.

Шешім — түпкілікті пайымдаманы жасау актісі. Басқарушылық шешімдерге қатысты қолданылады, бұл мүмкін болатын баламалы таңдаулардан әрекеттердің белгілі бір курсы

таңдауды білдіреді.

Инвестициялық шешімдердің саны шексіз. Олар кәсіпорын қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Жаһандастыру дәрежесі бойынша қабылданатын инвестициялық шешімдер 1 жылдан 20 жылға дейінгі кезеңді қамтитын және кәсіпорынның келешекке (даму тұжырымдамасына) бағдарлануының жалпы ұстанымдарын әзірлеуді қарастыратын келешекке арналған болуы мүмкін. Осындай шешімдер стратегиялық бағытты және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шараларды жүзеге асыру реттілігін және мазмұнын, даму бағдарламаларын анықтайды.

Басқарушылық есеп басшылармен пайдаланылуын жеңілдететін нысанда, ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, инвестициялық шешімдер қабылдау үдерісін жеңілдетуге арналған. Басқарушылық есеп басшыларға шешім қабылдауда тек көмек көрсете алатындығын есте сақтаған абзал. Ол осындай жағдайларда олардың қолданатын пайымдамаларын және тәжірибесін алмастырмайды және алмастыра алмайды.

Басқарушылық есептің мәні басқарушылық ақпарат болып табылады. Басқарушылық есептің ақпараты әдетте қаржылық сипатқа ие, яғни ол долларда, рубльде, иенде немесе басқа ақша бірліктерінде берілген. Алайда соңғы уақытта басқарушылық есеп саласы өнімнің сапасы, үдерістің ұзаққа созылу көрсеткіштері секілді операциялық және нақты (қаржылық емес) ақпаратпен толықтыру арқылы және клиенттердің қанағаттануы, қызметкерлердің жасампаздық әлеуеті және жаңа өнімнің пайдаланушылық сапалары сынды субъективті бағалармен елеулі түрде кеңейтіле түсті.

Басқарушылық ақпаратты тиімді пайдалана алу үшін ол кейбір белгілі бір өлшемдерге жауап беруі тиіс:

1. ықшамдылық – ақпарат айқын болуы, артық ешнәрседен тұрмауы тиіс;
2. дәлдік – пайдаланушы ақпараттың қателіктерден немесе қалдырып кетулерден тұрмайтындығына сенімді болуы тиіс. Ақпарат кез келген бұрмалаудан азат болуы тиіс;
3. жеделдік – ақпарат қажет болған уақытта дайын болуы тиіс;
4. салыстырмалы – ақпарат уақыт бойынша және бөлім/бөлімшелер бойынша салыстырмалы болуы тиіс;
5. орындылық – ақпарат әзірленген мақсатқа сәйкес келуі тиіс;
6. пайдалылық – ақпаратты дайындау оны пайдалану тиімділігінен құны асып кетпеуі тиіс;
7. біржақты болмауы – ақпарат алдын ала кесіп-пішілмеген түрде дайындалуы және ұсынылуы тиіс;
8. атаулы – ақпарат жауапты атқарушыға жеткізілуі тиіс; сонымен бірге құпиялылықты қадағалау керек.

Басқарушылық есеп кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі және дамуы үшін қажет. Оның көмегімен басшылар және менеджерлер қамтамасыз етілуінің материалдық көздерін және нарықтың сұранысын ескере отырып, фирманың негізгі даму бағытын анықтайды. Басқарушылық есеп кәсіпорынның нақтылы даму мақсаттарын қоюда барлық ішкі және сыртқы факторларды және оларға қол жеткізу жолдарын дұрыс ескеруге рұқсат береді, кәсіпорынның жеке құрылымдық бөлімшелері арасында өзара үйлестіруді қамтамасыз етеді, шығындарды барынша азайтуға рұқсат береді және фирманың ішінде барлық мүмкін болатын қосымша ресурс көздерін ашады.

Басқарушылық есеп жүйелерін әзірлеу, сонымен қатар осы жүйелермен өндірілген ақпаратты түсіндіру қазіргі таңдағы жаһандық бәсекелі және талаптарға толы технологиялық ортада өндірістік және сервистік ұйымдардың жетістікке жетуі үшін маңызды болып табылады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, басқару есебі - бұл жоспарлау, бақылау, шығындар жөнінде және объектілерді басқару үшін қажетті шеңберіндегі шаруашылық қызметтің нәтижелері жөніндегі мәліметтерді талдау, кәсіпорын қызметін оңтайландыру мақсатындағы әр түрлі басқару шешімдерінің Қысқа мерзімді және ұзақмерзімді инвестициялық шешімдерінің негізінде оперативті қабылдау жүйесінің есебі

болып табылады.

Басқару есебі жүйесінің кейбір элементтері отандық есептің теориясы мен практикасында қолданыс тапқан. Жүйе элементтерінің жиынтық қызметінің тиімділігі біртұтастық ретінде ортақ мақсатқа жетуінде өте маңызды. Мұнда нарықтық қатынастар жағдайында басқару әдістерінің, басқару есебінің ортақ жүйесіне объективті біріктірілуі жүріп жатыр деуге болады.

Қолданылғын әдебиет тізімі.

1. Тайгашинова, Кусникамал. Басқару есебі : оқулық құралы / К. Т. Тайгашинова. - өңд., тол. қазақ тіл. 1-ші рет шығ. - Алматы : ТОО "Изд. LEM", 2011. - 332 б
2. Назарова В.Л., Жапбарханова М.С., Фурсов Д.А., Фурсова С.Д. Басқару есебі. Оқулық – Алматы, Экономика, 2005.
3. Тайгашинова К.Т., Жапбарханова М.С. Тереңдетілген басқарушылық есеп. Алматы, Экономика, 2008
4. Хорнгрен Ч.Т., Форстер Дж., Ш.Датар. управленческий учет, Питер, 2007

УДК 336:947.12

К ВОПРОСУ АУДИТА РАСЧЕТОВ С ДЕБИТОРАМИ И КРЕДИТОРАМИ

Урынбасарова Аида Ербулековна

aida.31_93@mail.ru

Студентка Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.э.н. Омашева А. Б.

Актуальность данной темы заключается в том, что дебиторская и кредиторская задолженность в настоящее время неизбежное следствие существующей системы денежных расчетов между организациями, при которой всегда имеется разрыв времени платежа с момента перехода права собственности на товар, между предъявлением платежных документов к оплате и временем их фактической оплаты. В условиях рыночной конкуренции успешная деятельность организации в общем и целом зависит от достижения поставленных перед ней целей, от следования принятым установкам и намеченным ориентирам, от ее устойчивости с финансово-экономической и правовой точек зрения, а также от устойчивости ее положения среди конкурентов на рынке. Обеспечение выполнения перечисленных требований является задачей управления организацией. Таким образом, возникает необходимость проведения аудиторской проверки расчетных операций.

Процесс управления организацией в самом упрощенном виде включает следующие основные стадии:

- 1) планирование – сбор, обработка, рассмотрение информации и выработка управленческого решения;
- 2) организация и регулирование реализации управленческого решения;
- 3) учет – сбор, измерение, регистрация и обработка информации о результатах выполнения управленческого решения;
- 4) анализ – разложение информации, полученной на стадии учета, на компоненты, изучение и оценка определенных сочетаний этих компонентов для принятия следующих управленческих решений.

При этом каждая из стадий чередуется со стадиями контроля.

Стадия контроля намеренно не включена в приведенное выше упрощенное описание процесса управления, так как внутренний контроль имеет двойственную роль в процессе управления организацией. С одной стороны, стадии контроля неизменно чередуются с остальными в процессе управления, поэтому, утрируя, можно говорить о присутствии